

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және
«Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестік арасындағы**

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Алматы қаласы

«19» сентябрь 2020 жыл

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарапынан Бірінші проректор міндетін атқарушы Мұхамбетқали Мырзабайұлы Бүркітбаев және «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарапынан Бас директоры Шәмшидин Әшенқожаұлы Паттеев, одан әрі Тараптар аталады, шығармашылық және кәсіби байланыстарды нығайту және екіжақты байланысты дамыту мақсатында мынадай келісімге келді:

1. Ынтымақтастық негіздері

1.1 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шығармашылық, өндірістік байланыстарды одан әрі нығайту мақсатында ынтымақтастыққа өзара мүдделілік таныта отырып, Ж. Кенжалн атындағы «Баспасөз және жаңа медиа» оқу-шығармашылық зертханасы базасында алқасөздер, семинарлар, тренингтер, видеоконференциялар сияқты бірлескен шаралар өткізу;

1.2 Журналистика факультеті студенттеріне «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты газеттер мен журналдар редакцияларында оқу және өндірістік тәжірибе өткізуге жағдай жасау.

2. Ынтымақтастық бағыттары:

2.1 «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі» шығарылымына әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультеті студенттерінің қатысуы;

2.2 бірлескен әлеуметтік акциялар өткізу, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектері қызметін жариялау;

2.3 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультеті және «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тараптарынан өткізілетін шараларға ақпараттық қолдау көрсету;

2.4 «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультеті тараптарынан бірлескен шараларды өткізуде сараптамалық және ғылыми қауымдастық өкілдерін жұмылдыру;

2.5 журналистика салалары бойынша өткізілетін халықаралық шаралар, конференциялар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, тәлімгерлік курстарына ғалымдарды қатыстыру және уақытында ақпарат беру.

3. Қорытынды ережелер:

3.1 Меморандумға барлық өзгерістер екі тарапты келісім-шарт арқылы енгізіледі.

3.2 Келісім-шарт бірдей мағынада қазақ және орыс тілдерінде екі нұсқада жасалды, екі тараптан жасалған, олардың әрқайсысының өзіндік күші бар.

3.3 Бұл келісім-шарт қол қойылған күннен бастап 5 жылға дейін жарамды болып табылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университеті
Бірінші проректоры м.а.,
М.М. Бүркітбаев



«Қазақ газеттері» ЖШС
Бас директоры

Ш.Ә.Паттеев

Handwritten signature: Ш.Ә.Паттеев